организациям в целях формирования удобной и безопасной цифровой среды для граждан запретить разработку отдельных мобильных приложений и обеспечить их внедрение только на платформах eGov и Aitu.

Утвердить правила распределения вычислительных ресурсов Национального суперкомпьютерного центра Alem.cloud с последующей разработкой соответствующего нормативного правового акта. Министерству науки и высшего образования - обеспечить поддержку вузов в рамках действующих механизмов.

Кроме того, решением Цифрового штаба госорганом поручено добавить в перечень приоритетных видов деятельности технопарка IT-стартапов Astana Hub такие популярные направления, как мультимедиа, дизайн и издательство игр, внедрение, сопровождение и модификация программного обеспечения, услуги в сфере киберспорта.

«Перечень пополнится оказанием услуг нерезидентам РК по аутсорсингу бизнес-процессов с использованием программного обеспечения, а также по обучению английскому языку. Расширение деятельности усилит позиции Astana Hub как центра притяжения глобального технологического сообщества», - добавили в пресс-службе. Также в целях формирования удобной и безопасной цифровой среды все государственные мобильные сервисы будут поэтапно объединены в экосистемы eGov и Aitu по принципу SuperApp. Интеграция, по данным специалистов, устранил проблему разрозненности мобильных приложений, ускорит процессы и повысит качество оказания госуслуг населению.

«Утверждение правил распределения вычислительных ресурсов суперкомпьютерного центра Alem.cloud создаст четкий и прозрачный механизм доступа к высокопроизводительным мощностям для стартапов Astana Hub, научных организаций и университетов, госорганов и их подведомственных организаций, а также просектов частного сектора, включая иностранные компании», — заявлено в официальном сообщении.

По материалам Zakon.kz,
Kyzylorda-news.kz, фото: freepik.com.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ




Салауатты өмір салты (СӨС) - бұл аурудың алдын алуға және денсаулықты нығайтуға бағытталған адамның өмір салты. Бұған адам өмірінің барлық салалары кіреді - тамақтанудан бастап эмоционалды көңіл-күйге дейін. Салауатты өмір салты-бұл тамақтану, физикалық белсенділік және демалу режиміне қатысты бұрынғы әдеттерді толығымен өзгертуге бағытталған өмір салты. Жаман әдеттерден бас тарту темекі шегу, алкоголь, зиянды тағамға тәуелділік денсаулықты бұзатын факторлар болып табылады. Салауатты және саналы өмір жоғарыда аталған "лөззаттардан" сау нұсқалардың пайдасына үзілді-кесілді бас тартуды қамтиды.

Баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру ережелері:

- Дәмді және теңгерімді тамақтану.
- Спорттық шаралар және қимылды ойындар.
- Шынықтыру.
- Күн тәртібі, белсенділіктің жоғарылауы мен ұйқының

ТУБЕРКУЛЕЗ

Туберкулезді әр жаста жұқтыруға болады, әсіресе бұл ауру балалар үшін қауіпті. Балалардың иммунитет жүйесі толығымен қалыптаспаған, сондықтан бала ағзасы әр түрлі жұқпаларға шалдыкқыш. Балаларда туберкулез симптомдары аурудың түріне және жұқпа үрдісінің окшаулану жеріне байланысты. Өкпе туберкулезінде аурудың негізгі симптомдары: жөтел (2 аптадан астам уақыт), дене қызуының ұзақ мерзімге көтерілуі, шаршағыштық, оқуға үлгермеу, тәбетінің жоғалуы, арықтау. Өкпе туберкулезінің белгілері суық тиюмен, ЖРВИ немесе бронхит ауруының белгілері ретінде қабылдануы мүмкін, ұзақ мерзімді жөтелу және дене қызуының көтерілуі туберкулезге тән белгілер екенін ұмытпау қажет. Туберкулезге күдік туған жағдайларда



тепе-теңдігі.

- Гигиеналық нормаларды сақтау.

- Жаман әдеттерден бас тарту.

Балалардың күнделікті режимін құру кезінде оның физикалық және эмоционалды толық қалпына келуін қамтамасыз ететін, шамадан тыс жұмысты тудырмайтын оқуды, демалуды, спортты, ойынды және т.б. қамтуы керек екенін есте ұстаған жөн. Баланың үйлесімді дамуына, оның өмірлік белсенділігіне, өсуіне, психофизикалық денсаулығының жай-күйіне әсер ететін негізгі сыртқы факторлардың бірі - ұтымды тамақтану. Баланың тамақтануы теңдестірілген болуы керек, яғни өсіп келе жатқан ағзаның қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруы керек. Күнделікті диетада сүт және сүт өнімдері, ет және балық, жемістер мен көкөністер болуы керек.

Күнделікті жаттығулар мен спортпен қатар балалардың өмірінің алғашқы күндерінен бастап шыңдалуы пайдалы. Бұл олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы керек. Отбасындағы балалармен күнделікті қарым-қатынас жасау барысында оларда бірқатар жұқпалы аурулардың алдын алуда маңызды қызмет атқаратын жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын қалыптастыру қажет. Ата-аналар жеке гигиенаның табиғи қажеттілікке айналуын қамтамасыз етуге тырысуы керек. Ол үшін олардың өздері балаға қоятын гигиеналық талаптарға назар аударуы қажет. Отбасында қалыптасқан психологиялық атмосфера эмоционалды күйге ғана емес, жалпы баланың денсаулығына да әсер етеді. Баламен сөйлесіп, оның өмірімен, мектептегі мәселелерімен, болашаққа жоспарларымен, достарымен, сабақтан кейін немен айналысатынымен қызығушылық таныту керек. Сіз балаңызды сүйіспеншілікпен, мақұлдаумен және түсіністікпен қоршауыңыз керек. Салауатты өмір салтын ұстанып, балаңыздың рухын шыңдаңыз. Сау денеде сау ой болады дейді. Есіңізде болсын, сіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда!

Гүлсім ТҮСМАҒАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық СЭБ-ның бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

қосымша тексерілуден өту қажет. Манту сынамасы балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез ауруын анықтаудың маңызды әдісі болып табылады. Туберкулез диагнозы расталған жағдайда баланың емі дереу басталады. Балалар емдеуді жақсы көтереді және өкпенің зақымдалған тіні ересектерге қарағанда балаларда тез қалпына келеді. Аурудың алдын алу мақсатында балаларға туберкулезге қарсы вакцина егіледі, ерте жаста БЦЖ вакцинасымен иммундау туберкулез аурушандығын 15 есе төмендетеді және туберкулездің ауыр түрлерінің дамуының алдын алады. Бұл вакцина жаңа туған нәрестенің алғашқы екпесі болып табылады. Вакцина бала туғаннан 1-3 тәулік өткеннен кейін перзентханада салынады, иммунитет қорғанысын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Вакцинаның арқасында әлемде миллиондаған балалардың өмірі сақталады. Саламатты өмір салтын ұстану туберкулездің алдын алудың маңызды шарасы болып табылады, оған, толық құнарлы тамақтану, күнделікті денені шынықтыру және уақытылы демалуды қажет етеді. Балалар таза ауада жиі серуендеу, үйді жиі желдетіп отыру керек. Ата-аналар балаларын қарапайым санитариялық ережеге үйрету қажет, жөтелу, түшкіру кезінде орамал қажеттілігін түсіндіру. Туберкулезге қарсы күресудің жетістігі ата-аналарға байланысты. Туберкулездің ашық формасымен ауыратын тікелей қарым-қатынаста болған, яғни отбасы мен жұмыс орыны бойынша тығыз қарым-қатыста болған адамдарға жұғуы мүмкін. Туберкулез көбінесе өкпені зақымдайды, бірақ сирек жағдайларда дененің лимфа түйіндері сүйек жүйесі тіпті миды зақымдайды. Туберкулез адамнан адамға ауа тамшылы жолмен тарайды. Яғни жөтелгенде, түшкіргенде, науқаспен тығыз қарым-қатынас жасағанда беріледі. Туберкулез адамнан-адамға жұғады. Туберкулезді ерте сағтыда анықтау мақсатында ересектердің барлығына емханада жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өтіп тұруды қажет етеді.

Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭБ Баскармасының басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ПОРЯДОК ВКЛЮЧЕНИЯ И ИСКЛЮЧЕНИЯ ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГИСТРА СУБЪЕКТОВ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ

Государственным регистром субъектов естественных монополий является список индивидуальных предпринимателей и юридических лиц, предоставляющих регулируемые услуги, формируемый уполномоченным органом. Предоставление регулируемых услуг лицами, не включенными в Государственный регистр субъектов естественных монополий, не допускается. В местные разделы Регистра включаются субъекты естественных монополий, предоставляющие регулируемые услуги на территории одной области или города республиканского значения, или столицы.

Услугополучатель обращается услугодателю через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее - Портал) с заявлением:

не позднее пятнадцати календарных дней со дня начала предоставления регулируемой услуги потребителям для включения в Государственный регистр субъекта естественных монополий по форме 2 согласно приложению 1 к настоящим Правилам.

В случае прекращения предоставления регулируемой услуги субъект естественной монополии не позднее пятнадцати календарных дней представляет в уполномоченный орган заявление об исключении его из Государственного регистра субъектов естественных монополий по форме 3 согласно приложению 1 к настоящим Правилам.

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги, включающий характеристику процесса, форму, содержание и результат оказания, а также иные сведения с учетом особенностей предоставления государственной услуги изложены в перечне основных требований к оказанию государственной услуги «Включение и исключение из Государственного регистра субъектов естественных монополий, согласно приложению 1-1 к настоящим Правилам.

Срок рассмотрения документов услугодателем составляет: включение в Государственный регистр субъектов естественных монополий - 30 минут;

исключение из Государственного регистра субъектов естественных монополий - 2 рабочих дня.

В случаях представления услугодателем неполного пакета документов согласно перечню документов и (или) документов с истекшим сроком действия услугодатель в течение 1 (одного) рабочего дня отказывает в приеме заявления.

В случае полноты представленных документов и заключения структурного подразделения соответствующей отрасли

услугодателя ответственное структурное подразделение в течение 1 (одного) рабочего дня принимает решение об исключении из Государственного регистра субъектов естественных монополий, формирует свидетельство об исключении из государственного регистра субъектов естественных монополий, либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги.

Результат оказания государственной услуги направляется в электронной форме подписанного ЭЦП услугодателя услугодателя в личный кабинет услугополучателя на портале.

Основанием для отказа в исключении из Государственного регистра субъектов естественных монополий, установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них, несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным настоящими Правилами, отрицательный ответ уполномоченного государственного органа на запрос о согласовании, который требуется для оказания государственной услуги, а также отрицательное заключение экспертизы, исследования либо проверки, в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение (приговор) суда о запрещении деятельности или отдельных видов деятельности, требующих получения определенной государственной услуги, в отношении услугополучателя имеется вступившее в законную силу решение суда, на основании которого услугополучатель лишен специального права, связанного с получением государственной услуги.

Жалоба на решения, действия (бездействия) услугодателя по вопросам оказания государственных услуг может быть подана на имя руководителя услугодателя, уполномоченного органа и в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

С начала 2025 года в Департамент поступило 5 заявлений о включении и исключении из Государственного регистра субъектов естественных монополий, из которых 1 - отказано в связи с непредоставлением полного пакета документов, 4 - удовлетворено.

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области.

ҚЫЗЫЛША - ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Қызылша - аурудың жалпы жағдайының бұзылуымен, жоғарғы тыныс жолдарының қабынуымен және денеге теңбіл, терінің үстіне көтеріліп бөртпе шығуымен сипатталатын жедел жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы: вирус. Бұл вирус қоршаған ортада төзімсіз, бірақ өте ұшпа, яғни вирус ауамен тез және алысқа тарайды. Ауру көзі-ауру адам, қызылша әсіресе бастапқы және бөртіп шыққан алғашқы күндерінде мейлінше жұқпашы болып келеді. Бөртіп шыққаннан 4 күн өткен соң науқас қауіпті емес. Таралу жолы - ауа - сілекей жолы. Қызылшамен ауырған кезде пайда болатын жөтел мен түшкіру инфекцияның таралуына себеп болады. Қызылшамен ауырған адаммен бір бөлмеде және қасындағы бөлмелерде болу балаларға жұғу қаупін төндіреді. Сезімталдық балалар жас шамасына қарамастан қызылшамен ауырғыш келеді, әсіресе 1-8 жас аралығындағы балалар. Маусымдылық - қыс, көктем айлары. Иммунитет - тұрақты.

Клиникалық белгілерінде қызылшаның 4 кезеңі бар, жасырын, катаральды,

бөртпе шығу және сауығу. Аурудың жасырын кезеңі 9-10 күнге созылады, ал егілген балада 21 күнге дейін болады. Катаральды бастапқы кезең 3-5 күнге созылады. Баланың дене қызуы 38-39,0°C-ға дейін көтеріледі, катаральдық белгілер пайда болады: мұрнынан су ағады, жөтел, түшкіру, конъюнктивит, көз қарығу болады. Осы кезде қызылшаға ғана тән ауыздың сілекейлі қабығында, азу тістерінің тұсында ұнтақ жарма тәріздес ұсақ ақ дақтар пайда болады, олар 2-3 күнге дейін сақталады. Мұнымен қатар жұмсақ таңдайдың сілекейлі қабығында қызғылт дақтар пайда болады. Ауырған баланың беті қабырынқы, көзі қызарып,



жасаураған, қабақтары ісіңкі, көзі қарығулы, мұрнынан су ағып тұрады. Келесі бөртпе шығу кезеңінде аурудың дене қызуы 39-40°C дейін көтеріліп, көңіл күйі бұзылып, бас ауырғаны ұлғайып, тәбеті төмендейді, ұйқысы бұзылады, енжар көңілді. Аурудың денесіне бөртпелер тапты түрде шығады:

Бірінші күні ауырған баланың бетіне, құлақтың сыртына, мойнына, терінің үстіне көтеріліп теңбіл бөртпе шығады.

Екінші күні денесіне шығып, кейбір бөртпелер қосылып ұлғаяды.

Үшінші күні бөртпе қолдарына, аяқтарына тарайды. Бөртпе шығып болғаннан кейін аурудың дене қызуы төмендеп жалпы жағдайы жақсара бастайды.

Аурудың сауығу кезеңінде бөртпе шыққандағы кезекпен жоғалады да орнында қоныр дақ қалады. Аурудың клиникалық көріністерінің жойылуы баланың толық айығып кеткендігін білдірмейді, оның организмі әр алуан микробтарға қарсы тұра алмайды.

Қызылша пневмония, ларингит, бронхит және энцефалитпен асқынуымен мүмкін.

Науқас баланы оңашалау керек, ауырған балалар көбіне үйінде емделеді. Ауруханада қызылшаның тек қана ауыр түрі және ауруды оңашалауға мүмкіншілік болмаған жағдайда ғана жатқызылады. Ауырған баланың жатқан жерін таза ұстап, желдетіп тұру керек. Балаға гигиеналық күтім өткізу: беті-қолын уақытылы жуу, көзін, мұрнын тазалау, еріндерін майлау, аузын шайдыру. Тамақ баланың жасына сай болып, витаминдерге бай болуы керек. Витаминдер комплексі мен симптоматикалық ем беріледі.

Қызылша ауруына қарсы егу жұмыстары 1 жаста, 6 жаста жоспарлы түрде жүргізіледі. Сонымен қатар, қызылшамен ауыратын науқаспен тығыз байланыста болған 30 жасқа дейінгі егілмеген, егілгені туралы деректері жоқ немесе осы инфекцияға қарсы вакцинацияның екінші профилактикалық егуі жоқ адамдар шұғыл вакцинациялау жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 02 ақпандағы №ҚР ДСМ-13 бұйрығымен бекітілген «Қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін инфекциялық аурулармен ауыратын науқасқа қатысты санитариялық-эпидемиологияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес).

Г.ЖАНИБЕКОВА,

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Баскармасының эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті 2025 жылғы 3 сәуір мен 31 желтоқсан аралығында "Чекті талап ет - жүлдені ұтып ал!" республикалық акциясы өтіп жатқандығын хабарлайды, онда әрбір азамат ақшалай және басқа да бағалы сыйлықтардың иегері болуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, 2025 жылдың 1 мамырынан 31 желтоқсанына дейін "Бәйге" акциясы басталды, оның қорытындысы бойынша облыстың ең белсенді қатысушысы тоқсан сайын 100 мың теңге ала алады. Ақцияларға қатысу үшін Appstore немесе Playmarket-тен "Amian" тегін мобильді қосымшасын жүктеп алып, тауарлар мен қызметтер үшін фискалдық чектерді тіркеу қажет. Қатысыңыз және пайдамен жеңіңіз!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті.

Департамент государственных доходов по Кызылординской области сообщает, что с 3 апреля по 31 декабря 2025 года проводится республиканская акция «Требуй чек - выиграй приз!», где каждый гражданин получает шанс стать обладателем денежных и других ценных призов. А также, с 1 мая по 31 декабря 2025 года стартовала акция «Байге», по итогам которой самый активный участник области может получить 100 тысяч тенге ежеквартально. Для участия в акциях необходимо скачать бесплатное мобильное приложение «Amian» из Appstore или Playmarket и зарегистрировать в нем фискальные чеки за товары и услуги. Участвуйте и выигрывайте с пользой!

Департамент государственных доходов по Кызылординской области.

ҚР ҚМ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІНЕ ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Жалғасы. Басы 3-бетте.

3. Еркін қоймасы (ЕҚ) қалай ашуға болады?

ЕҚ ашу үшін Қазақстан Республикасы бірқатар рәсімдерді орындауы және қолданыстағы кеден заңнамасына сәйкес белгілі бір талаптарға сай болуы қажет. Қызметті жүзеге асыру барысында бірқатар талаптарды сақтау, еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлардың есебін жүргізу және олар бойынша кеден органына есеп беру қажет.

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 516-бабына сәйкес күзетілетін не жеке тұлғалардың кіруін бақылау режимі бар және солардың шегінде осы Кодекске сәйкес еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес өзге де тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін ғимараттар (ғимараттардың бөліктері), ғимараттар кешені, жайластырылған және жабдықталған аумақтар және (немесе) ашық алаңдар (бұдан әрі осы тарауда – құрылысжайлар, үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық алаңдар) еркін қоймалар болып табылады.

Еркін қойма заңды тұлға еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілген күннен кейінгі күннен бастап құрылды деп есептеледі.

Еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу шарттары Кодекстің 517-бабы анықтады.

1. Еркін қойманың иесі ретінде қызметті жүзеге асыруға үміткер заңды тұлғаны еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу шарттары мыналар болып табылады:

1) еркін қойма ретінде пайдалануға арналған және мынадай талаптарға сәйкес келетін құрылысжайлардың, үй-жайлардың (үй-жайлар бөліктерінің) және (немесе) ашық алаңдардың меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынған болуы;

еркін қойма ретінде пайдалануға арналған аумақ заңды тұлғаның еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу туралы өтінішінде көрсетілген максатқа сәйкес тауарларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін жабдықталған және жайластырылған болуға тиіс;

жапсарлас тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғанда, аумақтың (бір немесе бірнеше қойма үй-жайлары мен алаңдар) бөгде адамдардың кіруін болғызбауды қамтамасыз ететін бүкіл периметрі бойынша тұтас қоршауы болуға тиіс;

тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғанда, аумақтың осы Кодекстің 404-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленуі;

электр жарығымен жарықтандырылған және кеден органдарының бағдарламалық өнімдерімен үйлесетін тәулік бойы режимде жұмыс істейтін, күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнекадратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бейнебақылау құралдарымен жабдықталған, жете тексеру пункттерінен орналасқан тауарларды жете тексеру үшін орындардың, оның ішінде жабық алаңдардың болуы. Бұл ретте жете тексеру орны белгіленуге және бейнебақылау құралдары үшін көрінбей қалатын аймақтар (учаскелер) болмауға тиіс;

орналастырылатын тауарлардың сипатына сәйкес келетін сертификатталған таразы жабдығының болуы, ал арнаулы сақтау орнына газ орналастырылған жағдайда - тиісті есепке алу аспаптарының болуы;

2) кеден органына өтініш берілген күнге кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттің болмауы;

3) уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес келетін, кедендік операцияларды жасау кезінде аумақтық кеден органдарына ұсынылған мәліметтерді шаруашылық операцияларын жүргізу туралы мәліметтермен салыстырып қарауға мүмкіндік беретін тауарларды есепке алу жүйесінің болуы;

4) аумақтық кеден органдарына өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 521, 528, 532, 533, 534, 538, 539, 540, 544, 551, 552, 555 және 558-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының нормаларын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енген және орындалмаған қаулының болмауы және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының көрсетілген бұзушылықтарына алып келген себептердің жойылмауы фактілерінің болмауы;

5) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы шарттың (келісімінің) болуы.

6) еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілуге үміткер заңды тұлғалардың басшылары болып табылатын жеке тұлғаларда 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190, 192-1, 193, 209, 213, 214, 218, 233, 233-1, 250, 259, 311 және 312-баптары бойынша, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214, 216, 218, 234, 235-1, 236, 245, 255, 256, 286, 297, 366 және 367-баптары бойынша өтелмеген сотталғандықтың болмауы.

Егер еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш берілген күнге құрылысжайлар, үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық алаңдар жалға алынған болса, мұндай құрылысжайларға, үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) және (немесе) ашық алаңдарға қатысты жалға алу шарты кемінде үш жыл мерзімге жасалуға тиіс.

Қосымша талаптар «Ақытша кедендік бақылау аймақтары, уақытша сақтау орындары және бажсыз сауда дүкендерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 280 бұйрығымен бекітілген. Бұдан әрі, кеден органының қызметкері

үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеру жүргізуге арналған нұскаманы күні мен уақытын көрсете отырып, жоғарыда көрсетілген шарттарға сәйкестігі тұрғысынан жібереді. Тексеру жүргізілгеннен кейін тізілімге енгізу шарттарына сәйкестігі не сәйкестігі туралы кедендік тексеру актісін жасайды.

Тізілімге енгізілгеннен кейін кеден заңнамасы еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды кодекстің 30-тарауында белгіленген еркін қойманың кедендік рәсімін қолдану шарттары сақталған кезде өндірістік мақсаттағы жылжымайтын мүлік объектілерін және қосалқы инфрақұрылымды еркін қойманың аумағында салу мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді.

2025 жылғы 10 ақпаннан бастап «Уақытша сақтау орындары иелерінің тізіліміне енгізу» мемлекеттік қызметін көрсету, сондай-ақ қызметін тоқтата тұру, қайта бастау, тізілімнен шығару, сондай-ақ тізілімге енгізу кезінде мәлімделген мәліметтерді өзгерту "Keden" ақпараттық жүйесі (http://keden.kgd.gov.kz) арқылы жүзеге асырылады.

Кеден заңнамасы бойынша консультацияны сіз қызмет аймағында уақытша сақтау қоймасын ашу жоспарланып отырған Мемлекеттік кірістер департаментінен ала аласыз.

НҚА сілтемелері:

1) «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (61 бөлім) http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000123.;

2) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығы (25 қосымша) (http://zan.gov.kz/client/#!/doc/199620/rus);

3) «Уақытша кедендік бақылау аймақтары, уақытша сақтау орындары және бажсыз сауда дүкендерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 280 бұйрығы (http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016549);

4) «Есеп жүргізудің және мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсынудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 374 бұйрығы (2 қосымша) (http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020380).

5) «Еркін қойма кедендік рәсімінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 382 бұйрығы (http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016679).

4. Бажсыз сауда дүкендері (БСД) қалай ашуға болады?

Қазақстан Республикасында БСД ашу үшін бірқатар рәсімдерді орындау және қолданыстағы кеден заңнамасына сәйкес белгілі бір талаптарға сай болу қажет. Қызметті жүзеге асыру барысында бірқатар талаптарды сақтау, бажсыз сауда дүкенінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлардың есебін жүргізу және олар бойынша кеден органына есеп беру қажет.

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 524-бабына сәйкес бажсыз сауда дүкендері иелері ретіндегі қызметті жүзеге асыруға үміткер заңды тұлғаны бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу шарттары мыналар болып табылады:

1) бажсыз сауда дүкені ретінде пайдалануға арналған және мынадай талаптарға сәйкес келетін құрылысжайлардың және (немесе) үй-жайлардың (үй-жайлар бөліктерінің) меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынған болуы;

сауда залы тауарларды кедендік декларациялауды жүргізу үшін айқындалған орын шегінен тыс жерде болуға тиіс;

бажсыз сауда дүкенінің аумағында сауда операцияларын жүзеге асыруға арналған орындар, сондай-ақ тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету және тауарларды сатуға дайындау (орамасын ашу, ыдысынан босату және басқалар) жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған жеке қоршалған орындар болуға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бөлшек саудаға арналған тіркеу құжаттарының немесе рұқсаттардың болуы;

3) аумақтық кеден органына өтініш берілген күнге кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттің болмауы;

4) кеден органына өтініш берілген күнге дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 528, 532, 535, 538, 544, 551 және 555-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілерінің болмауы;

5) тауарларды осы Кодекстің 324-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған тұлғаларға өткізу үшін көзделген бажсыз сауда дүкендері үшін тиісті тізілімге енгізілген қосымша шарттарын сыртқы саясат саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

6) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы шарттың (келісімінің) болуы.

7) бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізілуге үміткер заңды тұлғалардың басшылары болып табылатын жеке тұлғаларда 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190, 192-1, 193, 209, 213, 214, 218, 233, 233-1, 250, 259, 311 және 312-баптары бойынша, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық

кодексінің 214, 216, 218, 234, 235-1, 236, 245, 255, 256, 286, 297, 366 және 367-баптары бойынша өтелмеген сотталғандықтың болмауы.

Егер бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш берілген күнге құрылысжайлар және (немесе) үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) жалға алынған болса, мұндай құрылысжайларға және (немесе) үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) қатысты жалға алу шарты кемінде алты ай мерзімге жасалуға тиіс. 2025 жылғы 10 ақпаннан бастап «бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу» мемлекеттік қызметін көрсету, сондай-ақ қызметін тоқтата тұру, қайта бастау, тізілімнен шығару, сондай-ақ тізілімге енгізу кезінде мәлімделген мәліметтерді өзгерту "Keden" ақпараттық жүйесі (http://keden.kgd.gov.kz) арқылы жүзеге асырылады.

НҚА сілтемелері:

1) «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (35, 62 бөлімдер) http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000123.;

2) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығы (25 қосымша) (http://zan.gov.kz/client/#!/doc/199620/rus);

3) «Уақытша кедендік бақылау аймақтары, уақытша сақтау орындары және бажсыз сауда дүкендерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 280 бұйрығы (http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016549).

5. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру қалай жүзеге асырылады?

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және оған құжаттар тізбесі «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бірдейлендіруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 394 бұйрығымен регламенттеледі.

Қазақстан Республикасында өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) реттеледі.

Өзіндік ерекшелігі бар тауарлар - қосарланған және әскери мақсаттағы тауарлар, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар (Заңның 1-бабы 1-тармағының 14) тармақшасы).

Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың тізбесі «Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 424 бұйрығымен (бұдан әрі - Бақылау тізімі) бекітілген.

Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес тауарларға (оның ішінде бағдарламалық қамтылым мен технологияларға) қатысты экспортты, кері экспорты, импортты, транзитті жүзеге асыруға не жсаумақтық дедалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары бақылау тізіміне сәйкес оларға сәйкестендіру жүргізуге міндетті.

Бақылау тізімінің 4-тармағында белгілі бір өнімді қосарлы және әскери мақсаттағы өнімдерге сәйкестендіру және ара қатынасын белгілеу жөніндегі шешім аталған тізімнің бақылауға алынған өнімінің техникалық параметрлерімен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (бұдан әрі - Өнеркәсіп министрлігі) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті орган және лицензиар орган болып табылады.

Бақылау тізіміне сәйкес біржақты сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына шетелдік тұлғалар өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру туралы қорытынды алу үшін Өнеркәсіп министрлігіне жүгіне алады.

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және оған құжаттар тізбесі «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бірдейлендіруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 394 бұйрығымен регламенттеледі.

НҚА сілтемелері:

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңның 1-бабы 1-тармағының 14) тармақшасы).

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 424 бұйрығы.

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңның 10-бабының 1-тармағы.

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 424 бұйрығының 4-тармағы.

«Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бірдейлендіруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 10 шілдедегі №394 бұйрығы.

ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер
Департаменті материалдар бойынша.

ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ (ЖРВИ) ЖӘНЕ ТҰМАУ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) - әлемдегі аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, риновирусты және аденовирустың инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының талаурамалы қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқинуы мүмкін. ЖРВИ- бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.Олардың барлығы жұқпалы болып табылады. Олардың вирусын тудырады. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен - тыныс алу ағзалары арқылы келеді, ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді, ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар уыттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және имундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Имунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін.ЖРВИ әдетте жіті, күтпеген жерден басталады. Жұқтыру мен ауру арасында орташа алғанда шамамен 2 күн өтеді. Ауырап алдында адамды мыналар мазалау мүмкін: шаршау сезімі, әлсіздік, ашуланшақтық. Бұдан әрі бұл белгілер көбейеді, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарлауы мүмкін, терлегіш болады. Тұмау, тамақтың ауруы, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен конъюнктивит-көздің зақымдануы белгілері болуы мүмкін. ЖРВИ немен қауіпті? Қатты ауырғандар және қатты асқинулар бойынша емдеуге жатқызуға мұқтаж. ЖРВИ емдеу әдетте дәрігердің бақылауымен үй жағдайында жүргізіледі. Пациентті ауруханаға тек аса ауыр жағдаятта немесе шиеленген жағдайда жібереді. Науқас міндетті түрде төсек тартып жатуды қадағалауы және барынша сұйық зат ішуі керек, жылы шай мен морс ішкені жақсы. Дене қызуы жоғары болғанда қызу басатын дәрі-дәрмектерді,

қажеттілігіне қарай тұмауға қарсы дәрілерді немесе жөтелге қарсы препараттарды қолдануы керек. ЖРВИ кезінде тыныс алу гимнастикасы мен дәрумендер терапиясы жақсы әсер етеді. ЖРВИ кезінде антибиотиктер тиімді емес, сондықтан олар бактериялық инфекция немесе асқину кезінде тек дәрігердің тағайындауымен қабылданады.



ЖРВИ мен тұмауды алдын алу:Тұмауды алдын алудың 3 түрі бары белгілі: Екпелік алдын алу; Дәрімен алдын алу (вирусқа қарсы дәрілер); Жеке және қоғамдық гигиена (ақпараттандыру жолымен) ережесін қадағалау.

Екпелік алдын алу - тұмауды бақылаудың басты амалы. Екпе - кез келген тұмау эпидемиясы кезінде ең сенімді қорғаныс болып табылады. Екпе нәтижесінде пайда болған имунитет аурудан сенімді қорғайды. Көптеген маңызды

инфекция, атап айтқанда полиомиелит, дифтерия, қызылша жаппай екпе нәтижесінде толық жойылады. Маусымдық тұмауға қарсы жыл сайынғы екпе барлық жастағы топтарда ауру мен өлім-жітімді барынша азайтады.

Екпе мақсаты - инфекция ретінде тұмауды толық жою емес, тұмаудан өлім-жітімді және ауруларды, әсіресе оның асқинуларын, жүрек-қантамырлық, өкпе ауруларының, басқа да созылмалы патологиялардың асқинуын азайту. ДСҰ жыл сайын катерлі топтарға тұмауға қарсы егуді ұсынады: 65 жастан жоғары (созылмалы патология болған жағдайда - кез келген жаста), 6 айдан бастап 15 жасқа дейінгі балалар, медицина қызметкерлері және басқа да көптеген өндірістік байланыстағы адамдар.

Өзіңіздің ауырып қалмауыңыз және айналадағыларға жұқтырмау үшін не істеу керек:

Науқас адамдармен байланыстан алшақ болу;

Науқасқа 1 метрден жақын жақындамау;

Науқас адамдармен байланыс жасаған кездеде перде кию;

Инфекцияның таралуын алдын алу үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы (құрамында спирт бар) ерітіндімен жуу;

Бір реттік қол орамалын қолдана отыра, жөтелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды жабу;

Адам көп жиналған жерге (ойын-сауық шараларына, жиналыстарға, кездесулерге) бармау;

Бөлмені жиі желдету;

Кір қолмен көзді, мұрын мен ауызды түртпеу;

Салауатты өмір салтын ұстану (толық қанды ұйқы, таза ауа, белсенді демалыс, дәрумендерге бай тағамдар), ол ағзаның кезкелген инфекциямен күресуіне көмектеседі.

Г.ЖАНИБЕКОВА,

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

ЭКОЖАҒАЛЫҚТАР

ЭКОНОВОСТИ

КАКОЙ ВОДОПАД САМЫЙ БОЛЬШОЙ НА ЗЕМЛЕ?



Ниагарский водопад, хотя и знаменит своим широким потоком, не является ни самым высоким, ни самым мощным.

Крупнейшим водопадом мира считают Анхель в Венесуэле. В высоту он достигает 979 м, сбрасывая массы воды с горы Ауян-Тепуи. Расположенный в нацпарке Канайма Анхель был назван в честь американского летчика и исследователя Джимми Анхеля, погибшего в авиакатастрофе на этом плато в 1937 году.

Если рассматривать не только наземные водопады, то рекорд можно отдать подводному водопаду Датского пролива, расположенному между Гренландией и Исландией - его высота втрое больше Анхеля (3505 м).

Водопад Инга на реке Конго имеет самый большой объем воды - более 46 миллионов литров в секунду. Однако его нельзя считать самым высоким из-за отсутствия значительного перепада высот.

По материалам gismeteo.ru,
фото: © Shutterstock/FOTODOM.

ПОСАДКА
ОПРЕДЕЛЁННЫХ СОРТОВ
РИСА МОЖЕТ
ПОМОЧЬ СНИЗИТЬ
ВЫБРОСЫ МЕТАНА

Международная команда исследователей изучила 180 сортов риса и выяснила, что генетика растений влияет на объём выбросов метана сильнее, чем использование удобрений.

Исследование под руководством Конора Уоллалла из Кранфилдского университета объединило данные 42 полевых испытаний, проведенных в разных странах.

Метан - мощный парниковый газ, и рис является одним из его крупнейших источников в сельском хозяйстве. Корни риса содержат воздушнонаполненные ткани (аэренхиму), через которые газ выходит в атмосферу. Разные сорта выпускают неодинаковое количество кислорода и по-разному влияют корневыми выделениями на микробные сообщества в почве, что изменяет скорость образования метана.

Учёные предлагают использовать современные методы селекции и геномный анализ для поиска сортов с оптимальными свойствами - низкими выбросами метана и высокой урожайностью. Такие сорта должны проходить испытания с учётом местных условий почвы и климата.

Кроме того, правильное дозирование и график внесения удобрений могут снизить эмиссию азота и повысить его усвоение растениями без потери урожайности.

Разработка низкоэмиссионных сортов риса и совершенствование агротехнологий помогут сократить вклад сельского хозяйства в глобальное потепление. Это особенно важно для достижения целей Парижского соглашения и может стать основой для генетического улучшения других культур - таких как пшеница и кукуруза.

По материалам gismeteo.ru,
фото: © Shutterstock/FOTODOM.

Құрылтайшы -
Қызылорда
облыстық
«Сыр Табиғаты»
занды тұлғалар
Ассоциациясы

Редактор
Акбота Абеннова

Газет Қазақстан
Республикасы
инвестициялар және
даму Министрлігі
байланыс,
ақпараттандыру және
Ақпарат Комитетінде
қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі
№15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген
авторлардың пікірі
редакция көзқарасын
білдірмейді,
қолжазбалар
қайтарылмайды.
«Сыр Табиғаты»
газетінде жарияланған
мақала көшіріліп
басылса, сілтеме
жасалуы міндетті.

Жарнама және
хабарландыру мәтіні
мен мазмұнына
редакция жауап
бермейді.

Газет редакцияның
компьютер
орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа
үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу
сапасына баспахана
жауапты.

Офсеттік басылым.
Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индексы - 68116

Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Қайнарбаев көшесі, №33.
Толық мәлімет алу үшін:
8-777-563-76-92
телефонына хабарласуға
болады.

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта
сайын жарық
көреді

Тапсырылыс
№ 1838

Таралым 500



ТОО «КазЭкосистемс»

(гослицензия 01259 №0042510
от 25.09.2008 г.) представляет
следующие виды услуг в области
охраны окружающей среды:

1. Оказание консультационных услуг
в области охраны окружающей среды

3. Организация в проведении
общественных слушаний

5. Подготовка послепроектного
анализа отчета о возможных
воздействиях

6.1 Разработка проектов нормативов
эмиссий (нормативы допустимых
выбросов, нормативы допустимых
сбросов)

6.3 Составление паспорта опасного
отхода

6.5 Составление проекта плана
мероприятий по охране
окружающей среды

8. Разработка раздела «Охрана
окружающей среды» в составе
проектной документации
при подготовке декларации
для III и IV категории

10. Составление проектов
обоснования санитарно-защитной
зоны (предварительная,
окончательная)

12. Консультация и содействие в
формировании пакета документов
для получения лицензии для
юридических лиц, занимающихся
деятельностью по переработке,
обезвреживанию, утилизации
и (или) уничтожению опасных
отходов.

2. Составление и содействие в подаче
заявления о намечаемой деятельности в
уполномоченный орган
в области ООС

4. Подготовка отчета о возможных
воздействиях при оценке
воздействия на окружающую среду

6. Составление заявления на
получение экологического
разрешения на воздействие,
в том числе:

6.2 Составление программы
управления отходами для I и II
категории

6.4 Разработка программы
производственного экологического
контроля (ПЭК)

7. Составление отчета
производственного экологического
контроля

9. Подготовка и содействие в подаче
декларации о воздействии на
окружающую среду
для III категории

11. Составление квартальных отчетов,
согласно условий экологического
разрешения, статистических отчетов,
налоговых отчетов по форме 870.00.

Наш адрес: г. Кызылорда,
ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru
тел. 8 7242 27 52 99

ПРИБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ
И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ
ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО
ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

syr.tabigaty@gmail.com
www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33
+7 777 563 76 92

